

МИССИЯ СЫНАҚТАРДЫ БОЛДЫРМАУ

«Атом жобасы» бүгінгі таңда қандай жағдайда және еліміз осы тұрғыда қандай оң шешімдер қабылдауда? Міне, осы сұрақтар кімнің де болмасын көкейінен орын алары анық. Бұл сұраққа жауапты Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Ядролық сынақтарға тыйым салудан – ядролық қарусыз әлемге» атты халықаралық конференция барысында атап көрсеткен болатын. Өз сөзінде жаһандық қоғамдастықты ядролық қарудан бас тартуға жетелеу қажеттігіне ерекше тоқталған Мемлекет басшысы: «Дәл осы мақсаттарда бүгінде Қазақстан АТОМ халықаралық жобасын іске қосады. Бұл аббревиатура ағылшын тіліндегі abolish testing and mission сөздерінің бірінші әріптерінен құрылған. Яғни «біздің миссиямыз сынақтарды болдырмау» дегенді білдіреді», – деді.

Осы жоба аясында бірнеше жинақтар басылымдарға басылған болатын. Соның бірі жоба жетекшісі Олжас Сүлейменовтың Невада-Семей қозғалысына қатысты жинағы былтырғы жылы қара шаңырақ Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да тұсаукесері болып өтті.

Олжас Сүлейменовтың бастауымен құрылған ядролық қарусыздану туралы «Атом жобасы» бүгінде осындай жағдайда. Енді сөзімізді қорыта келе, мына бір өлең шумақтарымен аяқтасақ дейміз:

*Сол бір уақыттар, сынды ма елдің жартасы,
Уайыммен жүрді қарттардың сонда алқасы.
Шешімін тапқан бұл бір апатты жағдайды
Олжекең екен, сол бір кісінің арқасы.*

*Арманын ойлап, қалдың ба, сонда ұлыңды,
Болашақ тұнық тұманға сонда бұрылды.
Осы мақсатпен Олжекең сол сәт бастаған,
«Невада-Семей» қозғалысы бір құрылды.*

*Былғанбасын еш ерлердегі енді бір жейде,
Ойланып қоям, бүгінгі таңды мен кейде.
Олжекең сынды тұлғалар қалап, жеткізген
Қуанышты бір, бақытты сондай бұл бейне!*

Жаңабаева А.Т., Жұмырбаева Б.Ш.



ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ОРНЫ

«Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген бұл жолдар өте орынды айтылған десек қателеспейміз. Қазіргі таңда біздің ұстаздар, яғни Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттердің тәрбиесіне көп көңіл бөлу, себебі баланың болашақтағы қозғалысы, міне, осыған байланысты. Баланы қалай тәрбиелеген жөн және балаға нені үйреткен абзал, міне осы тұрғыда біздің бүгінгі айтылатын әңгімеміз кеңінен өрбитін болады. Біздегі тақырып, ол «Халық ауыз әдебиеті арқылы бастауыш сынып оқушыларын патриоттық сезімге тәрбиелеу». Бұл дегеніміз бастауыш сынып оқушылардың патриоттық сезімін дамытудың басты жолы, ол осы халық ауыз әдебиеті болып табылады. Демек, ұстаз халық ауыз әдебиетіне сүйене отырып, халықтық құндылықтарды айта келе, мақал-мәтел, даналық сөздер, жаңылтпаш, жұмбақтарды байланыстыра келе, балаға дұрыс жолды көрсете алады. Бұл біздегі кейде қалып қоятын, көңілді түсіретін жағдай болып табылады.

Патриотизм – бұл қайбір ұлттың болмасын жүрегінен орын алатын дүние. Әрбір ел өзінің халқын патриоттық сезімге баулуға тырысады. Бұл басты қағида. Ал енді адамның патриоттық сезімге толы жүрегінің болуы, ол сезімнің көңілде мәңгі орналасуы бала кездегі тәрбиеден басталады десек артық айтқанымыз болмас.

Сонымен қоса, балаларға үлкен ой түсіретін тағы мақал-мәтелдердің бір тұсы ол оқуға, білімге байланысты мақал-мәтелдер. Олардың қатарына мына бір мақал-мәтелдерді жатқызуымызға болады. «Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы», «Ғылым – теңіз, білім – кеме», «Алтын алма, білім ал», «Кітап – алтын қазына», т.б.

Мінеки, тәрбиелік маңызы өте үлкен жоғарыда айтылған мақал-мәтелдер реті адамды патриоттық сезімнің күшеюіне, сонымен қатар, сол сезімге қоса, білімге, оқуға, сананы дамытуға, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсетуге алып келеді. Бұның бәрі дерлік баланың ой-өрісін, жүріс-тұрысын дамытады. Демек, мақал-мәтелдерге қорыта айтар болсақ, халық ауыз әдебиетінің бір түріне жататын мақал-мәтелдер жұбы бастауыш сынып балалары үшін маңызды. Себебі сол арқылы бала патриоттық сезімнің не екенін біршама ұғынады.

Абдұталип А.С., Адилжан О.

ӨЗГЕРІС. ИДЕЯ. ЖОБА

Атом бомбасы адамзатқа келер қайғы мен қасірет. Қазақстанда күші 20 килотонна болатын алғашқы атом бомбасы 1949 жылы 29 тамызда таңертеңгі сағат 7:00 де сыналды. Бұл оқиға Семей облысының Солтүстік Батыс аумағында, Дегелен жотасының түбінде орын алды. Семей ядролық сынақ полигоны ядролық сынақ жасайтын әлемдегі ең ірі полигон болған.

Бұдан 25 жыл бұрын, яғни 1989 жылдың 25 ақпанында Семейдегі сынақ полигонын жабу үшін басталған ұлы күрестің алғашқы қадамы жасалды. Осы күні белгілі ақын, мемлекет және қоғам қайраткері, КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа үміткер Олжас Сүлейменовтың сайлауалды сөзі жоспарланған болатын. Дәл сол күні Алматыдағы көп адам жиналған митингте ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов Невада штатында (АҚШ) сынақтарға тыйым салу қозғалысын жақтаушыларға Үндеуін оқып, Қазақстанда ядролық сынақтарды тоқтатуды талап етті. Оның жетекшілігімен «Невада-Семей» антиядролық қозғалысы құрылды.

Олжас Сүлейменовтың бастамасымен құрылған «Невада-Семей» антиядролық қозғалысы қаншама адамдардың өмірлеріне тигізіп жатқан зиянды жағдайлардың алдын алды. Атом бомбасы елге келген апатты жағдай, қасірет еді. Ал бүгінгі таңда зардап шеккен жерлерге, адамдарға көмек көрсету мақсатында Олжас Сүлейменовтың жобасы зор еңбек атқаруда.

Бүгінде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 29-тамыз халықаралық ядролық сынаққа қарсы күн болып белгіленді. Еліміз бейбітшілік сүйгіш саясатымен әлемдік қоғамдастықта өзіндік орнын алған елдердің санатында танылып келеді.

Сонымен қатар тағы да бір айта кетерлік жайт «Атом жобасы» аясында біздің қара шаңырағымыз да өз үлесін тигізуде. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің физика-техникалық факультеті, теориялық және ядролық физика кафедрасының ұстаздары мен студенттері осы кең көлемді мәселе аясында бірнеше дөңгелек үстелде өз ойларын ортаға салған болатын. Қорыта келе, еліміздің келер ұрпағын тәрбиелеуде біздің тарихымыз үлкен рөл атқарары хақ. Сол жолдағы бұл қимылдар кімге де болса оң нәтиже берері анық деп білеміз.

Бекзатова Д.Ө., Газизжанова Н.О.

ТЕРЕҢ БІЛІМ – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТІРЕГІ

Қазіргі таңда білім беретін қайнар көздері көптеп кездеседі. Соның ішінде жан-жақты, инновациялы, жаңа технологиялар мен әдістерді қолданатын оқу орнын таңдау бітіруші түлектер мен ата-аналар алдында тұрған басты мақсат болып табылады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны» деген сөздерінен-ақ білімнің елді алға жетелейтін нысан ретінде қарастырып отырғанын байқауға болады. Жоғары оқу орны ғылыми әрекетті жүзеге асыра отырып, жоғарғы кәсіби білім беретін оқу ордасы. Міне, соның ішінде жылдар бойы қалыптасқан тарихы бар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ болып табылады.

Еліміздегі үздік университеттердің бірі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-не жыл сайын Қазақстанның түкпір-түкпірінен мыңдаған түлектер тапсырады. Бірақ оған білім деңгейі жоғары, шығармашылық қабілеті дамыған, талпынысы, ізденісі жоғары, бәсекеге қабілетті

жастар ғана түсу мүмкіндігіне ие болады. Ол өз кезегінде бітіруші түлектердің жұмыс берушілер, ірі компаниялар арасында сұранысқа ие болуымен тікелей байланысты.

Қазіргі жаһандану заманында университеттер интеграцияға бейім болып келеді. Осыған орай студенттер мен магистрант, докторанттар арасында халықаралық академиялық мобильдік қарастырылған. Ол дегеніміз студенттеріміз тәжірибе алмасу, білім жинақтау мақсатында шетелге барып, білім алуға мүмкіндігі бар. Бұл білім ордасын көптеген студенттердің таңдауының келесі бір факторы: озық ғылыми кітапхананың орналасуы. Жас ізденімпаз барлық қажет ақпаратты орталықтандырылған кітапханадан таба алады. Қажет оқулықтың бар-жоғын білу үшін электронды кітапханаға кіріп, тапсырыс берсе болғаны, сол оқулық бөлімшелерге келіп түседі. Келесі артықшылығы кітапханада интернет желісі орнатылған, демек ақпараттар оқулықтар

мен шектеліп қоймай, шетелдік журнал-газет басылымдарын қолдануға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні ҚазҰУ еліміздің ғана емес, Орталық Азия аймағындағы халықаралық деңгейдегі білім беру ордасы болып отыр. Әлемдік білім жүйесінде де өз ұстанымы бар білім ордасы ретінде дамып келеді. Университет қабырғасында ғылыми ізденіске бағытталған жастардың ойлау қабілетін дамытуға, ақпарат пен білім алуына, студенттердің өзін кемелдендіруіне қажетті жағдай мен жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Сол себептен де болар Білім сапасын қамсыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігі жүргізген ЖОО-ның ұлттық рейтингінде жыл сайын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші орынды иеленуде. Бұл университеттің ғылым саласындағы көшбасшы позициясын айқындайды.

Алпысбай Ә.А., Әбділ Е.С.